

А. Сейітбекова¹, **А. Тургенбаева²**, **Н. Тлеубаева^{2*}**

¹Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Қазақстан, Алматы қ.

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: naz_96_14@mail.ru

XV-XVIII ҒҒ. ЖЫРАУЛАР ТІЛІНДЕГІ КІРМЕ СӨЗДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫСЫ

Елбасымыздың «Ұлы даланың жеті қыры» атты бағдарламалық мақаласы XV-XVIII ғасырлардағы қазақ жырауларының ауызша шығармашылығын лингвистикалық тұрғыдан терең зерттеуге мүмкіндік беріп отыр. Олардың туындылары қазақ халқының рухани, мәдени болмысын танытатын ауызша тілдің көркем образын жасаудың тың үлгілерімен белгілі. Осы кезге дейін жыраулар туындылары көбіне әдебиеттану тұрғысынан зерттелгенмен, ондағы кірме қабаты өзекті мәселелердің бірі болып қала бермек. Осыған байланысты аталмыш мақалада XV-XVIII ғасырлардағы жыраулар тіліндегі кірме (араб, парсы) лексикалық тілдік бірліктердің функционалдық қолданысы қарастырылады. Зерттеудің салыстырмалы-тарихи, салыстырмалы-салғастырмалы, лингвостатистикалық, функционалдық-семантикалық талдау әдістері негізінде жыраулар тіліндегі негізгі поэтикалық «ұйытқы сөздер» мен семантикалық өріс құрайтын лексикалық бірліктер анықталады. Зерттеу барысында кірме лексикалық бірліктердің қолданысы өзге көне түркі жазба ескерткіштерімен, Алтын Орда дәуіріндегі қыпшақ тобына кіретін халықтардың туындыларымен, қазіргі ақын-жыраулардың шығармаларымен салыстырылып, жыр жолдарында функционалдық (көркемдік жүйесі, стилистикалық ерекшеліктері) қолданысы талданады. Сондай-ақ, жыраулар тіліндегі сопылық мәндегі эксплицитті және имплицитті лексикалық бірліктер сараланады. Осы зерттеу арқылы ауызша поэтикалық тілдегі және жазба тілдегі кірме сөздердің арақатынасы, ерекшеліктері айқындалады. Араб, парсы сөздерінің көркемдік, стилистикалық құралдары ретіндегі (қайталамалар, метафора, теңеу, параллелизмдер) қолданысы талданады.

Түйін сөздер: жырау, араб, парсы, формула, ауызша, діни сөздер, стилистика.

A. Seitbekova¹, A. Turgenbaeva², N. Tleubayeva^{2*}

¹Institute of Linguistics named after Akhmet Baitursynuly, Kazakhstan, Almaty

²Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

*e-mail: naz_96_14@mail.ru

XV-XVIII centuries. use of input words in the zhyrau language

The program article of Elbasy "Seven facets of the Great Steppe" opens up the opportunity to study in depth from a linguistic point of view the oral creativity of the Kazakh Zhyraus of the XV-XVIII centuries. Their works are known for original examples of creating an artistic image of oral speech, reflecting the spiritual and cultural nature of the Kazakh people. Until today, the works of Zhyrauov were mainly studied from the point of view of literary criticism, but the borrowed layer in the language of Zhyrauov remains one of the topical issues. In this regard, this article examines the functional use of lexical (Arabic, Persian) language units in the Zhyrau language of the XV-XVIII centuries. Based on the methods of comparative-historical, comparative-comparative, linguistic-statistical, functional-semantic analysis of the study, poetic "dominant words" and lexical units that form a semantic field in the Zhyrau language are determined. The study compares the use of lexical units with other ancient Turkic written monuments, the works of the peoples belonging to the Kipchak group of the Golden Horde era, the works of modern Akyns and Zhyrau, analyzes the functional (artistic system, stylistic features) use in poetic lines. Explicit and implicit lexical units in the Sufi meaning are also differentiated. This study determines the relations and features of borrowed words in the oral poetic and written language. The use of Arabic and Persian words as artistic and stylistic techniques (repetitions, metaphors, comparisons, parallels) is analyzed.

Key words: zhyrau, arabic, persian, formula, oral, religious words, stylistics.

А. Сейітбекова¹, А. Тургенбаева², Н. Тлеубаева^{2*}

¹Институт языкознания имени Ахмета Байтурсынова, Казахстан, г. Алматы

²Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

*e-mail: ainurseit@mail.ru

Использование заимствованных слов в языке жырау XV-XVIII вв.

Программная статья Елбасы «Семь граней Великой степи» открывает возможность глубоко изучить с лингвистической точки зрения устное творчество казахских жырауов XV-XVIII вв. Их произведения известны оригинальными образцами создания художественного образа устной речи, отражающего духовную и культурную природу казахского народа. До сегодняшнего дня произведения жырау в основном изучались с точки зрения литературоведения, но заимствованный пласт в языке жырауов остается одним из актуальных вопросов. В связи с этим в данной статье рассматривается функциональное употребление лексических (арабских, персидских) языковых единиц в языке жырауов XV-XVIII вв. На основе методов сравнительно-исторического, сравнительно-сопоставительного, лингвостатистического, функционально-семантического анализа исследования определяются поэтические «слова доминанты» и лексические единицы, образующие семантическое поле в языке жырау. В ходе исследования сравнивается употребление лексических единиц с другими древнетюркскими письменными памятниками, произведениями народов, входящими в кипчакскую группу эпохи Золотой Орды, произведениями современных акынов и жырау, анализируется функциональное (художественная система, стилистические особенности) употребление в стихотворных строках. Также дифференцируются эксплицитные и имплицитные лексические единицы в суфийском значении. Этим исследованием определяются соотношения, особенности заимствованных слов в устном поэтическом и письменном языке. Анализируется использование арабских, персидских слов как художественно-стилистических приемов (повторы, метафоры, сравнения, параллели).

Ключевые слова: жырау, арабский, персидский, формула, устный, религиозные слова, стилистика.

Кіріспе

Бүгінгі дейін жыраулар поэзиясы табиғатын тануға арналған зерттеулер Ш. Уәлиханов, Ә. Марғұлан, Қ. Жұмалиев, Р. Бердібаев, Б.Ш. Әбілқасымов, Р. Сыздық, Ә. Күмісбаев, Қ. Өмірәлиев, С. Негимов, Қ. Жанабаев, т.б. отандық ғалымдардың еңбектерінде белгілі бір жүйеге түскен. Дегенмен жыраулар тілінің кірме (араб, парсы) қабаты көркем образ жасаудың құралдары ретінде ауызша тілде қаншалықты мол сақталды деген мәселе әлі де дәйекті түрде зерттей түсуді және функционалдық қолданысының ара-жігін ажыратуды қажет етеді. XV-XVIII ғғ. жыраулар поэзиясы ата қоныс, құт мекен, ел басқарған хандар, жаугершілік, дін, бірлік, ерлік, қоғам, ұрпақ тәрбиесі, т.б. біртұтас ел болуға бағытталған толғаулар болғандықтан, осы тақырып аясындағы кірме лексикалық элементтерді екі топқа бөліп қарастыруға болады:

1. жалпыхалықтық сөйлеу тілі дәстүріне енген кірме сөздер;
2. сопылық мәндегі діни сөздер.

Материал және әдістер

Жыраулар тіліндегі араб, парсы сөздерінің функционалдық қолданысын (көркемдік жүйесін, формульдік стилистикасын, тұрақты лексикалық компонент құрауын) талдауда эпостанушы, фольклортанушы отандық ғалымдардың Ш. Уәлиханов, А. Жұбанов, Қ. Өмірәлиев, Р. Сыздыкова, С. Негимов, Б.Ш. Әбілқасымов, Қ. Жанабаев, Б. Жұбатова, орыс ғалымдардың А. Антонова, И.В. Стеблева, В.А. Маслова, шетелдік ғалымдардың J. Bailey, W. Arens, D.K. Fry, W. Vascom, F.P. Magoun, R.M. Meyer, J.D. Niles сондай-ақ, А. Б. Лордтың ауызша теориясының әдісі жайында жазылған еңбектері басшылыққа алынды. Зерттеудің салыстырмалы-тарихи, салыстырмалы-салғастырмалы, лингвостатистикалық, функционалдық-семантикалық талдау әдістері қолданылады.

Әдебиетке шолу

Қарастырып отырған кезеңдегі жалпыхалықтық сөйлеу тіліне тән *азаткер*, *ақыры*,

әгер, әйел, бақ, бәден, дәулет, дін, дұшпан, дүние, жан, жауап, жанжал, жесір, заман, зайып, залым, есеп, намаз, момын, мұсылман, кедей, кәпір, кеңес, нан, нұр, қаза, қағаз, қала, халық, құдай, патша, пақыр, пиғыл, пасық, пара, тақ, уақыт, хабар, т.б. араб, парсы сөздері жиі қолданылатын белсенді лексикалық элементтер болып есептеледі. Академик Р. Сыздық ... араб, парсы сөздерін тек осы жыраулар бірінші болып қолданған деуге әсте болмайды. Бұлар, тегі, XV ғасырдан бұрын көркем поэзия тіліне, кейбірі халықтың сөйлеу тіліне де еніп, қалыптасқан, белгілі бір мағынада тұрақталған сөздер екендігін айтуға болады, – дейді (Сыздықова, 1993). Алайда жыраулар тіліндегі кірме қолданыстардың қызметі қандай болды? Осындай жекелеген белсенді сөздерді жыр жолдарында өзге сөздермен үйлесімді тіркестіру, шебер шендестіру, сөзге қуат беру – жыраулар поэзиясына тән шешендік қасиет. Қ. Өмірәлиевтің айтуынша, бұл белсенді сөздер өзге қалыпты «пассив» сөздердің аясында, құндағында соларды фонында алып отырады. Егер бұл белсенді сөздер болмаса, өлең тек қалыпты («пассив») сөздерден тұрса, керісінше қалыпты, («пассив») сөздер болмаса, өлең тек белсенді сөздерден тұрса, онда өлеңде көркемдік табиғат болмайды (Өмірәлиев, 1976).

Жыраулар толғауларындағы араб, парсы сөздері халық тіліне етене сіңіп кеткен жалпыхалықтық қолданыстағы сөздер болып келеді және олардың сандық көрсеткіштері де аса көп емес. Мәселен, Асан Қайғыда 35 кірме сөз, Қазтуған жырауда 6 кірме сөз, Доспамбет жырауда 9 кірме сөз, одан кейінгі дәуірде Шалкиіз жырауда 40 кірме сөз, Жиёмбет жырауда 7 кірме сөз, Марғасқа жырауда 5 кірме сөз. Ал мұсылманша хат таныған жыраулар толғауларында сопылық ұғымдарға қатысты діни лексикалық ұғымдар саны көбей түседі. Ақтамберді жырауда 38 кірме сөз, Үмбетей жырауда кірме сөз аз болғанмен, басым көпшілігі діни сөздерге қатысты лексикалық қолданыстар болып келеді. Діни сөздер Бұқар жырауда ерекше көрініс тапқан: 76 кірме сөз. Кірме сөздер әр дәуірдің жыраулар тілінде әрқалай қолданыс тапқан. Әрине, бұл жыраулардың көтерген тақырыптары мен мұсылманша сауаттылығына, географиялық орналасу аймағына, сөз саптау дәстүріне, дүниетаным ерекшелігіне байланысты болуы мүмкін (Нұрдәулетова, 2021). Сондықтан бастапқы қолданыстағы кейбір сөздердің кейінгі ғасырдағы жыраулар тілінде мағыналық өзгерістерге түсуі де заңды құбылыс.

Нәтижелер мен талдаулар

Аласапыран кезеңдегі жыраулардың өз тұсындағы ханға кеңес, сын айтуда, елдің арман-тілегін жеткізуде құрамында кірме лексикалық бірліктері бар тіркестерді көркем сөзбен жеткізудің құралы ретінде пайдаланғанын байқаймыз. Мәселен, жыраулар тыңдарманға толғауларының көркемдік, стильдік әлеуетін арттыруда өлең ұйқастарында қайталама тісілі, яғни *реди́ф* жиі ұшырайды. Жалпы қайталаулар көне және орта түркі жазба ескерткіштерінен үзілмей келе жатқан дәстүрлі қолданыс. И.В. Стеблева: «Следует специально отметить, что реди́ф как повторение одного того же слова на концах полустиший, в тюркоязычной поэзии широко использовался потому, что многие глагольные формы являлись составными, их именную часть образовывали арабские и персидские слова...», – дейді (Стеблева, 1993). Бұрынғыны жаңғыртып, оған жыршының өзінің табиғи дарынын қосып отыру – жыл жолдарын байыта түседі. Жыраулар поэзиясының көшбасшысында тұрған Асан Қайғының көпшілікке мәлім мына жыр жолдарына назар аударайық:

Бұл заманда *не ғаріп*?
Ақ қалалы *боз ғаріп*,
Жақсыларға айтпаған
Асыл шырын *сөз ғаріп*.
Замандасы болмаса,
Қариялар болар тез *ғаріп*.
Қадірін жеңге білмесе,
Бойға жеткен *қыз ғаріп*,
Ел жағалай қонбаса,
Бетегелі *бел ғаріп*.
Қаз-үйрегі болмаса,
Айдын-шалқар *көл ғаріп*.

Мүритін тауып алмаса,
Азғын болса, *пір ғаріп*.
Ата жұрты бұқара
Өз қолында болмаса,
Қанша жақсы болса да,
Қайратты туған *ер ғаріп*.
Ғалымды хатим еткендер,
Мақсатына жеткендер,
Жас кәрілер отырып,
Алдынан *сабақ* алмаса,
Қарамаса жүзіне,
Ғалым да болса *ол ғаріп*.

Жыр жолдарында «бөтен, бөлек, жат» мағынасында *ғаріп* сөзі (*не ғаріп*, *боз ғаріп*, *сөз ғаріп*, *қариялар ғаріп*, *қыз ғаріп*, *бел ғаріп*, *көл ғаріп*, *ер ғаріп*, *ғалым ғаріп*) алдыңғы сөзбен тіркесіп, қайталау арқылы дыбыстық қана ұйқас қана құрап тұрған жоқ, семантикалық тұрғыдан да үйлесіп, жыр жолдарының мазмұнын байыта түскен. Жыр астарында игілікке айналмаған барлық құндылықтардың *ғаріп* болатынын ескертеді. Әсіресе, Ғалымды хатим еткендер, Мақсатына жеткендер, Жас кәрілер отырып, Алдынан сабақ алмаса, Қарамаса жүзіне, Ғалым да болса ол ғаріп, – деп *ғылымның*

қаншалықты маңызды екенін толғайды. *Ғаріп* сөзі ұйытқы сөз ретінде толғаудың әрбір екінші жолын аяқтап, ұдайы қайталанып тұрған стильдік тұрақты компонент. Жыр жолдарының өлшемдеріне (ырғағы пен бұнағына) көнетін, тіркес құрауға бейім, мазмұны терең, белсенді қолданылатын лексикалық кірме бірлік. Ғалым Қ. Жанабаев «ғаріп» эпитетін ұдайы қайталануы қайғылы түсінікті күшейтетінін айтады (Жанабаев, 2018). Расымен де, қайталау тәсілі арқылы автор өз заманындағы адами құндылықтардың ескерілмейтінін уайымға салынып жырлаған. *Ғаріп* сөзінде эмоционалды-бағалауыштық экспрессия басым. Ал *мұрит*, *пір*, *хатим* сөздерінің қолданылуы жыраудың сопылық ілімнен де хабардар екендігін көрсетеді.

Келесі жыл жолдарында негізгі семантикалық жүкті арқалап тұрған арабтың *қадір* сөзі бірден байқалады. Назар аударайық:

Көлде жүрген қоңыр қаз
Қыр қадірін не білсін!
Қырда жүрген дуадақ
Су қадірін не білсін!
Ауылда жүрген жамандар,
Ел қадірін не білсін!

Көшіп-қонып көрмеген
Жер қадірін не білсін!
Көшсе, қона білмеген,
Қонса, көше білмеген,
Ақылыңа көнбеген,
Жұрт қадірін не білсін!

Жыр жолдарында белсенді қолданыстағы арабтың *қадір* сөзін «қыр», «су», «ел», «жер», «жұрт» сөздерімен *қыр қадірін*, *су қадірін*, *ел қадірін*, *жер қадірін*, *жұрт қадірін* тіркестіріп және оны қайталау арқылы тұрақты тіркес моделін түзген.

Асан қайғы жыр жолдарының астарында «әр нәрсенің қадірін соған қатысты адам біледі» дегенді жеткізгісі келген. Сонымен қатар Алланың берген нығметіне разылық қыл, бағасын біл, қанағатшыл бол, астамшылық жасама сияқты «тәубе» ұғымының басты сипаттары бар діни түсінік те аңғарылады. Халқының болашағына қамыққан Асан қайғы адамзат баласының тіршілік көзі – Судың қадірін, елге, малға жайлы қоныс болатын құнарлы Жердің қадірін, қиыншылықта бірігетін Ел қадірін тануға шақырады. Дегенмен де келтірілген жыр жолдарындағы лексикалық бірліктер тұтастай алғанда тікелей сопылық мәнде қолданылмаса да, имплицитті (жасырын) түрде көрініс табады.

Қазіргі тілімізде қалыптасқан «Жер қадірін ел біледі, ел қадірін ер біледі», «Ел қадірін көрген біледі, Жер қадірін жүрген біледі», «Сөз қадірін білмеген, өз қадірін білмейді», т.б. мақалдар айғақ. Сонымен «қадір» сөзі

құндылық деп саналатын көптеген ұғымдармен (сөз қадірі, ата-ана қадірі) тіркесіп, тұрақты тіркес туғызуына себеп болды.

Сонымен жырау арабтың «қадір», «ғаріп» сөздерін қайталау тәсілі арқылы көпкомпонентті стильдік рифм туғызған. Әрбір қайталанған ұйқас өзінің қызметін күшейте түскен. Бұл жыраудың бұрынғы көне дәуірден бастау алатын қайталау тәсілін пайдалана отырып қалыптастарған формульдік стилі болып есептеледі. Бұл жайында эпостанушы А.Б. Лорд: «Формульдік стильді ауызша поэзияның негізгі өлшемі, – дейді (Лорд, 1994). Ағылшын ғалымы Д.К. Фрай: «Формульдік жүйені метрикалық және семантикалық тұрғыдан өзара тығыз байланысқан екі элементтен құралған ауыспалы және тұрақты сөз тіркестерінің жартылай өлең өлшемі, – деп анықтайды (Fry, 1967). Ал Б.Ш. Абилкасимов: «... тіпті жеке сөздер де метрикалық қасиеттеріне сәйкес белгілі бір позицияларға ұмтылады. Жол ішіндегі жеке сөздердің тұрақтылығы таңқаларлық...», – деп көрсетеді (Абилкасимов, 1984). Қайталау тәсілі арқылы жасалған ауызша тілдің стильдік техникасы би-шешендердің жырларында, тіпті кейінгі ақындардың сөз саптауында *поэтикалық тұрақты тілдік компонент* ретінде дәстүрлі түрде жалғасып жатқанын аңғарамыз. Ақын М.Әлімбаевтың «Дүниеде не ғаріп?» деген өлеңінде:

Дүниеде не ғаріп?
Жұт жайлаған жер – ғаріп,
Жат жайлаған ел – ғаріп,
Дерт жайлаған ер – ғаріп,
Ақ шел басқан көз – ғаріп,
Дарымаған сөз – ғаріп (Әлімбаев, 1997).

Осы сияқты Бұқар жыраудың «*Ай, заман-ай, заман-ай*», «*Көкте бұлт сөгілсе, Көктеп болмас не пайда*» жыр жолдарындағы «*заман-ай*», «*не пайда*» поэтикалық ұйытқы сөздері осындай формульдік стильге салынған. Осындай поэзия үлгілері қазақ хандығы құрылғанға дейінгі Ақ орда құрамындағы өзбек, ноғай, қарақалпақ, қырғыз халықтарына ортақ мұра болды. Мәселен, В.В. Радлов Қырым ноғайларының мына бір жыр жолдарын келтіреді:

Бір дегеште не йаман? Бір пытырсыз йған мал йаман. Екі дегеште не йаман? Екі ідіні сала қалсаң ой йаман. Үш дегеште не йаман Бір күшнүң канаты сынса, Ушаалмаса й йаман.	Дөрт дегеште не йаман? Беш дегеште не йаман? Анасы өлүп бешікте Йылай қылған ул йаман... Тоғуз дегеште не йаман? Қырымдан әскер алса о йаман.
--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

Бұндағы әр тармақтың соңындағы «ғаріп» сөзі секілді «йаман» (жаман) сөзін қайталау тәсілі арқылы стильдік рифм ретінде пайдаланған. Яғни бұл Алтын Орда дәуіріндегі қыпшақ тобына кіретін қарашай-балғар, ноғай, қырғыз жырауларына тән ортақ сөз саптау моделі екендігін аңғартады. Бұл жайында шетел ғалымы В.П. Магун: «Ұқсас тіркестердің жиі кездесуі дәстүрлі жыраулардың өзара бір-біріне еліктеуінен болса керек» (Magoun, 1955). Дж. Найлз: «Бұл бір сөздің қайталануы арқылы жасалған өлең өлшемді ритмикалық-синтаксистік-семантикалық кешен», – дейді (Niles, 1981). Түркі халықтары тіл жағынан туыс болғанда жеке сөздерде ғана емес, сөздік қабықта, жасалған формаларда да туыс екендігін дәлелдейді (Өмірәлиев, 1976).

Толғау өлеңдеріндегі лексикалық, морфологиялық қайтаулардың іздері одан да ерте дәуірдегі Махмұд Қашқаридің сөздігінен, тіпті одан бұрынғы көне түркі жазба ескерткіштер мәтіндерінен бастау алады. Расында да, Н.М. Майер көне грек тілінің поэзиясының зерттеуде бір сөздің бірнеше рет қайталануын көнеліктің белгісі деген тұжырымға келеді (Meyer, 1889). Мәселен,

*Az bodunyu üküс qyldym.
Yyar elligde yyar qayanlyyda jig qyldym.
Tört buluñdadqy bodunyu quup baz qyldym,
jaýysyz qyldym*

*Quup maña kürti. Jeti jigirmi jaşyma tañut tара süledim.
Tañut bodunyu buzdyм.
Oqulyn ju[tuz]yn, jylqysyn, barymyn anda altym.*

деген мәнмәтіндегі етістіктің өткен шак формасын білдіретін *-dym/-tym*, *-dim/-tim* қосымшасының алты сөйлемде қатарарынан қайталанып қолданылуы (*qyldym*, *qyldym*, *süledim*, *buzdyм*, *altym*) біріншіден, мәнмәтіндегі негізгі оқиға желісі мен автордың оқырманға жеткізгісі келген ақпаратты жан-жақты ашып тұрса, екіншіден, мәнмәтіннің стильдік-көркемдік бояуын айшықтап тұр (Байымбетова, 2010). Әр жолының соңында және поэтикалық мәтіннің соңғы бөлігінде ол жалпы дыбыстық экспрессивтілікті күшейтеді, жалпы эмоционалды-психологиялық фон қалыптастырады, лирикалық кейіпкердің ішкі әлемін тереңдетеді (Қ. Жанабаев, 2018).

Жыраулар тіліндегі *діни мәндегі эксплицитті түрде қолданылған* лексикалық бірліктер баршылық. Дегенмен тәңіршілдік, мифологиялық пен ислам дініне қатысты лексикалық бірліктер мен ұғымдарды қатар әрі үйлесімді аралас

қолданылған. Себебі ол кезеңде ислам дінінің қабылдағаннан кейін де халықтың жаратушыға деген көне түркілік, діни-мифологиялық таным-сенімі тілдік санада қалыптасып қалған. Бұндай көне түркілік сілемдер әлі күнге дейін қазіргі тілімізде де қолданылады. Шалкиіз жырауда:

*Батыр болмақ сойдан-дүр,
Жалаңаш барып жауға ти,
Тәңірі өзі біледі,
Ажалымыз қайдан-дүр!*

немесе

*Бала берсең тезінен,
Пірлердің бітсе оемінен,
Шілтеннің тиіп шылауы*

Діни-мифологиялық ұғымда парсының *nir* мен *шилтен* сөздері өзара семантикалық сабақтастықта өрілген. *Пір* сөзі парсы тіліндегі «қарт кісі» мағынасында емес, «әулие атанып кеткен қасиеті бар әруақтардың рухы» мәнінде, *шилтен* сөзі «адамды желеп, жебеп, қолдап жүретін көзге көрінбейтін киелі бейне, жұмбақ күш» мағынасында жұмсалған.

Мұсылманша хат таныған Шалкиіз, Ақтамберді, Үмбетей, Бұқар жырауларында діни мәндегі сөздер мен киелі ұғымдардың қолдануы жиілей бастайды. Ақтамберді жырауда:

*Артылып туса өзімнен.
Меккені іздеп нетесің,
Меккеге қашан жетесің,
Әзір Мекке алдында,
Пейіліңмен сыйласаң,
Атаң менен аяңды!*

Ақтамберді киелі кеңістік категориясы ретінде барша мұсылмандардың қажылық парызын орындайтын киелі жері – Меккені сөзге тиек етеді. Дегенмен өлең жолдарында аяңды «Меккеге үш рет арқалап барсаң да, ақ сүтін ақтай алмайсың» дегенді айта отырып, одан да ата-аяңды шын пейілмен құрметтесең, сол әрекет имандылықтың жоғары шыңы екенін ашық айтады.

Дін лексемасының тіл ұстанушы санасында тұрақтанған ассоциативтік байланыстары сан салалы болып келеді, ал концепті үшін оның ассоциативтік өрісі жай ғана маңызды емес, ол өріс концептінің шеткері аймағын (қабатын) құрайтындықтан да ерекше мәнге ие (Маслова, 1992). Мәселен, Үмбетей жырауда:

Дін пұсырман баласы
Адамдықтан жерімес,
Тіл пұсырман, қарашы,
Арамдықтан шегінбес.
Дәніккесін бұл шіркін,
Адал бір дәм жегізбес!

Жыр жолдарының негізгі өзегі – *дін пұсырман* мен *тіл пұсырман* (*мұсылман*) болса, оның шеткі аймағындағы семантикалық өрісі ұласпалы *адам – арам*, *арам – адал* қарама-қарсы параллелизмнен құралған. Осындағы жыраудың қазақ тіліндегі «мұсылман діні», «мұсылман тілі» дегенді «дін пұсырман», «тіл пұсырман» тіркестері ретінде алынуының бір себебі жыр ырғағына үйлестіру болса, екінші себебі шығыстың көркемдік тәсілін (изафеттік конструкциясын) пайдалану болған. Мұсылман емес, пұсырман болуы ауызша тілдің әсері. Автор дін пұсырман баласы деп Алланың жолында жүрген мұсылман баласын айтып тұрса, тіл пұсырман деп тек тілімен, жалған сөзбен дәріптеп жүрген мұсылманды меңзеп отыр. Дәл осы қолданыс кейінгі Бұхар жыраудың шығармаларында орын алған, тек ары қарай басқаша өрбітеді:

Дін пұсырман болмаса,
Тіл пұсырман не пайда.
Қызда қылық болмаса,
Құр шырайдан не пайда

Бұхар поэзиясының тілінде лексикалық құрамы едәуір бай. Соның ішінде жалпыхалықтық сөйлеу тіліне ортақ кірме сөздер және сопылық танымдағы діни сөздер басым қолданыс тапқан: *Алла*, *намаз*, *қаза*, *хақ*, *дін пұсырман*, *ажал*, *әулие*, *сәлде*, *ахирет*, *хайыр*, *һәммәтлі*, *азан*, *молла*, *әзірейіл*, *әлім* (*ғалым*), *ақсам* (*ақшам*), *иман*, *құдай*. Бұның өзі сол кездегі қазақ тұрмысының жырау өлеңдерінде біршама бой көтеруіне байланысты еді. Сондықтан Бұхар жырау өз заманындағы сопылық ілімнен жыр жолдарына қоспауы мүмкін емес еді. Жалпы жыраулар тілінде *адамгершілік* мәселесі жыр жолдарының басты кредосы болғандықтан, Бұхар жырау да Алланың жолында жүретін әрбір мұсылманға адамгершілік қасиеттерінің бірі ретінде жомарттықты насихаттайды. «Жомарттық» жыр жолдарында парсының «пейіл» сөзімен тіркесетін *тар пейіл* және *кең пейіл* тұрақты параллелизм тіркестермен өрнектеледі:

Алла деген ар болмас,
Ақтың жолы тар болмас.

Тар пейілді кеңімес,
Кең пейілді кемімес.
Берем деген құтылмас,
Берік байлаған шешілмес.

Бұхар жыраудың терең діни-философиялық мазмұнға құрылған жыр жолдарының бірі – «Тілек». Жыр жолдарының астарында Алладан сұрайтын дұға деп айтуға болады.

Бірінші тілек тілеңіз,
Бір Аллаға жазбасқа...

Алланың қаһарына ұшырамай, Алланың көрсеткен түзу жолымен өмір сүру дегенді меңзесе,

Бесінші тілек тілеңіз,
Бес уақытта бес намаз
Біреуі қаза қалмасқа...

Ақыретте әрбір адам баласынан есепке тартылғанда намаз сұралатынын ескертеді. Міне, Бұхар жыраудың аталмыш толғауында сопылық мәндегі лексикалық бірліктер *мен тіркестер* *эксплицитті* және *имплицитті* көрініс табады. Бұл жыр жолдары бүгінге дейін өзінің өміршеңдігін жоғалтпаған.

Шығыс поэзиясына тән көріктеу құралдары. Қазақтарда сөз өнерін өзге құбылыстармен теңеп, оның құдыретілігін, сұлулығын таныту, оны түрліше атап, түсіндіруге қажеттілік әрқашан болған. Бұл қажеттілікті қанағаттандыру әрекеті нәтижесінде араб, парсы тілдеріндегі сөз образына қатысты эпитет, метафоралар, яғни ауыс мағынасындағы сөздер мен тұрақты тіркестерді жатсынбай қолданған (Жұбатова, 2010). XV-XVIII ғғ. жыраулар шығармаларында шығыс поэзиясына тән поэтикалық көріктеу құралдары көп болмаса да, ара-тұра кездеседі. Мәселен, Асан Қайғыда:

Жақсыларға айтпаған
Асыл шырын сөз ғаріп».

Жыр шұмағындағы «сөзді» *асыл шырынга* теңеуі шығысқа тән образ. Асыл шырын сөз – парасатқа, ақылға толы нәрлі сөз дегенді білдіреді. Әсіресе «жылқы» батырдың серігі ретінде көп жырланады. Сондықтан жылқыға қатысты мынадай теңеулер орын алған. Мәселен, Шалқиязде:

Саф арғымақ сайлаған,
Найзасына жайлау байлаған.

Әдетте алтын сөзімен тіркесетін арабтың «саф» сөзі жыр жолдарында арғымақтың ең асылы, ең сұлуын атап тұрса, ал Ақтембердіде: «Жылқыдан асқан мал бар ма, Биенің сүті *сары бал*» деген жолдарда бие сүтінің сапасын *сары балға* теңеу арқылы жылқының артықшылығын көрсетіп тұр. Шекерге, балға теңеу шығысқа тән көріктеу құралдары екені аңғарылады.

Жыраулар поэтикасында жалпы тілдік метафоралар да, жыраулық, ақындық дәстүр тудырған метафоралар, сонымен бірге ақынның дүние туралы жеке таным-түсінігінен туған индивидуалды-авторлық метафоралар да кездеседі (Нүрдәулетова, 2021). Мәселен, Шалкиізде:

Ау, бөрілер, бөрілер,
Бөрімін деп жүрерлер,
Ер бірінің баласы
Алтау болар, бес болар
Ішінде *абаданы* бір болар,
Абаданынан айырылса,
Олардың ер біреуі
Өрбір итке жем болар –

жыр жолдарында әр батырды қасқырдың көсеміне теңесе, «Ағайының көп болса, *Ұлы шерік* қолмең тең» дегендегі ағайынның көп болуын «үлкен әскерге» теңейді. Жыр жолдарында парсының «әскер» мағынасындағы *шерік* сөзі де те, қол сөзімен өзара плеоназм құрып тұр.

Даусы бар *азандай*, Желіні бар қазандай – дегендегі *азандай* «даусы зор» дегенді білдірсе, Тәтіқарада: «Түзде жүрсем батырмын, Үйде жүрсем *пақырмын* – дегендегі *пақыр* «момын» мағынасында қолданылған.

Жыраулар тілінде кірме лексикалық бірліктерден тұратын ең жиі қолданылатын параллелизмдер *дұшпан* мен *дос*, *дәулет* пен *кедей*, *ажал* мен *өмір*: Алыстағы *дұшпаннан*, Аңдып жүрген *дос* жаман; Қу таяқты *кедейге*, *дәулет* бітпес деменіз; *Өмірге* тоймас адамзат, жақындап *ажал* тұрса да, т.б. Бұл ұғымдар өмір мен өлімді, жақсы мен жаманды, байлық мен кеделікті сипаттайды.

Зерттеу қорытындысы мен тұжырымы

Алтын Орда кезеңіндегі ортағасыр түркі поэтикалық жазба ескерткіштер тіліндегі және ауызша жырланған қазақ жырауларының тіліндегі кірме сөздер қолданысында үлкен айырмашылық бар. Жыраулар тілінде ортаазиялық жазба поэтиканың шығыс халықтарына тән көріктеу құралдарының үлгілері, бейнелі сөз тіркестері, кітаби сөздер ара-тұра болмаса, көп кездеспейді. Кірме сөздер сол дәуірге белгілі және қазіргі

тілімізде жиі кездесетін жалпыхалықтық қолданыстағы араб, парсы сөздерімен ғана шектеледі. Кірме сөздерді шектеп қолданудың бір себебі жыраулар жалпы сол замандағы қазақ халқына түсінікті тілде жырлауды, поэтикалық ауызша тілдің төл ерекшелігін сақтауды мақсат етсе керек. Қ. Өмірәлиев бұл дәуірдегі фольклорлық азаматтық поэзия мен сарайлық жазба әдебиет арасында біршама байланыстылық болғанын, олардың өзара ықпал-әсерінде туып, дамып отырғанын, бірақ бұл өзара ықпал-әсер лексика мен сөз тіркестері аясынан аспағанын айтады (Өмірәлиев, 1976). Ш. Уәлиханов: «XIV ғасырдағы Едіге жырындағы кірме сөздердің қолданысы туралы былай тұжырымдайды: «... сонымен қатар бүкіл жырда бірде-бір парсы, араб сөздері кездеспейтінін атап өту қажет. Ал қазір ислам дінінің тарауына байланысты, тіпті қарапайым халық ауызында, сол тілдердің сөздері көптеп қолданыстар жүр», – дейді (Уәлиханов, 2010). Жыр – көнеден келе жатқан ауызша поэтикалық дәстүр екенін ескерсек, оның өзіндік қалыптасқан жыр өлшемдері, тұрақты тілдік поэтикалық қолданыстары бар. Сол себепті жыраулар тілінде шығысқа тән өлең өлшемдері немесе лексикалық бірліктерінің соңғы поэзия үлгілерінде болмаса, аса көп қолданылмауы заңды. Жыраулар тілінде кейбір кірме сөздерді қолданудағы ауызша тілге тән дыбыстық ерекшеліктері аңғаруға болады: *дұшпан* – *дұспан*, *ақшам* – *ақсам*, *мұсылман* – *мұсырман* сөздері фонетикалық дублет құраса, *шаһар* – *шар*, *зардабы* – *зарпы* сөздері редукцияға ұшыраған. Жыраулардың өлең жолдарында кірме сөздердің бірде жуан, бірде жіңішке жарыса қолдануы, редукцияға түсуі – өлең өлшемдеріне (ұйқасқа, бұнаққа, ырғаққа) сәйкес келу талабынан туындаған болса керек.

Жалпыхалықтық кірме сөздердің поэтикалық мәтіндегі функционалдық табиғатын саралай келе мынадай қорытынды шығаруға болады:

- кірме сөздердің бірінде аз, бірінде көп қолдануы жыраудың индивидуалды дүниетанымына, географиялық орналасуына байланысты болған;

- жыраулар тіліндегі *ғаріп*, *қадір*, *заман*, *пайда*, *дұшпан*, *дос*, *дүние*, *ақыл* лексикалық компоненттер жыр жолдарында жиі қайталануына, негізгі семантикалық жүк алуына байланысты поэтикалық ұйытқы сөздер болып есептеледі;

- «қадір», «ғаріп», «заман-ай», «пайда» сөздері қайталау тәсілі арқылы көпкомпонентті стильдік рифм туғызған, кейінгі ақындардың өлең жолдарына *тұрақты тілдік компонент* ретінде қолданыс тапқан;

- ауызша поэзияның тұрақты қорына айнылып кеткен белсенді қолданыстағы жалпыхалықтық (*ниғыл, арам, залым, уақыт*, т.б.) сөздер поэтикалық тілдің бояуын өрнектеуде пайдаланылған;

- жыр жолдарында ара-тұра *дін пұсырман, дін ислам, дін аман* сияқты шығыстық құрылымға салынған тіркестер мен *саф арғымақ, асыл сөз, сары бал*, т.б. шығысқа тән поэтикалық көріктеу құралдары де орын алған;

- араб, парсы сөздерінің қатысуымен жасалған *дәулет құсы қонуға, сұм дүние, бақ үйіне*

түнеу, басынан заманы көшу, мезгіл жету, т.б. фразеологизмдер, *қалмақтан алсаң, маһар бір зайып* тіркестердің орын алуы сол дәуірдегі сарайлық жазба әдебиеттерден ықпалы болғандығын көрсетеді;

- кейбір кірме сөздер тікелей сопылық мәнде қолданылмаса да, имплицитті түрде көрініс тапқан;

- қазіргі тіліміздегі кірме сөздермен келетін кейбір тұрақты тіркестер, мақалдар, афоризмдердің бастапқы қолданысы жыраулар тілінен бастау алған.

Әдебиеттер

- 342.; Four functions of folklore // JAF. 1954. N 266.
Arens W. The origin sin: Incest and its meaning. New York; Oxford, 1986.
Абылкасимов Б.Ш. Стилистические формы и средства в жанре толгау / В кн.: Жанр толгау в казахской устной поэзии. – Алма-Ата: Наука, 1984. – 120 с.
Bailey J. Tradition and variation in the Russian wedding songs collected by Guljaev and Krivosapkin // Folklorica: Festschrift for Felix Oinas / Ed. by E. V. Xygas, P. Voorheis. Bloomington, 1982.
Bascom W. Verbal art // JAF. 1955. N 269; Folklore, verbal art, and culture // JAF. 1973. N beschrieben. В., 1889.
Foley J. Oral- Tradition theory and research / An introduction and annotated bibliography J. M. Foley. New York; London, 198 S.
Fry, 1967 – Fry D.K. The Heroine on the Beach in Judith. – Neuphilologische Mitteilungen. 1967, Bd.68.
Magoun, 1955 – Magoun F.P. Bede’s Story of Caedman: The Case-History of an Anglo-Saxon Oral Singer. – Speculum. 1955, vol. 30.
Meyer, 1889 – Meyer R.M. Die altgermanische Poesie nach ihren formelhaften Elementen
Niles, 1981 – Niles J.D. Formula and Formulaic System in Beowulf. – Foley JM. (ed.) Oral Traditional Literature : A Festschrift for Albert Bates Lord. Columbus, 1981.
Әлімбаев М. Шығармалар жинағы. Т.2. – Алматы: Санат, 1997. –144 б.
Байымбетова Р. Түркілер дүниетанымының тілдік репрезентациясы (ҮІІ-ІХ ғасырлардағы түркі ескерткіштерінің тілі негізінде) // Фил.ғыл докторы дәрежесін алу үшін дайынд. диссертацияның авторефераты. – Алматы, 2010. – 40 б.
Бес ғасыр жырлайды: XV ғасырдан XX ғасырдың бас кезіне дейінгі қазақ ақын жырауларының шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1984. – Т.1. – 256 б.
Жанабаев Қ. Тюркский миф в эпосе, обряде и ритуале. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – С. 128.
Жұбатова Б. Қазақ тіліндегі араб, парсылық фразеологизмдер // Фил.ғыл докторы дәрежесін алу үшін дайынд. диссертацияның авторефераты. – Алматы, 2010. – 40 б.
Лорд А.Б. Сказитель. – М.: Издательская фирма «Восточная литература» РАН, 1994. – 368 с.
Маслова В.А. Введение в лингвокультурологию. – М., 1992. – С. 201.
Нұрдәулетва Б. Жыраулар тілдік тұлғасы. – Нұр-Сұлтан: Алтын Кітап, 2021. – 192 б.
Өмірәлиев Қ. XV-XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі. – Алматы: Ғылым, 1976. – 269 б.
Радлов В.В. Образцы народной литературы северных тюркских племён. Часть VII. Наречия Крымского полуострова. С.-Петербург: Типография Императорской АН, 1896. – 408 с.
Стеблева И.В. Ритм и смысл в классической тюркоязычной поэзии. – М.: Наука, 1993. – С. 193.
Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 320 б.
Уәлиханов Ш.Ш. Көп томдық шығармалар жинағы / аударған А.Ш.Нұрманова. 3 т. Алматы к.: Толағай групп, 2010. – 365 б.

References

- [Bes ғасыр jirlyaydı: XV ғасырдан XX ғасырдың бас кезіне дейінгі қазақ ақын jirawларының шығармалары]. – Алматы: Jazwşı, 1984. – Т.1. – 256 б. (in Kazakh)
342.; Four functions of folklore // JAF. 1954. N 266.
Abylkasimov B.SH. (1984) [Stilisticheskiye formy i sredstva v zhanre tolgau] / V kn .: Zhanr tolgau v kazakhskoy ustnoy poezii. – Alma-Ata: Nauka, 1984. S 120. (In Russian)
Älimbaev M. (1997) [Şığarmalar jınağı]. T.2. – Almatı: Sanat, 1997. –144 б. (in Kazakh)

- Arens W. The origin sin: Incest and its meaning. New York; Oxford, 1986.
- Bailey J. Tradition and variation in the Russian wedding songs collected by Guljaev and Krivosapkin // Folklorica: Festschrift for Felix Oinas / Ed. by E. V. Xygas, P. Voorheis. Bloomington, 1982.
- Bascom W. Verbal art // JAF. 1955. N 269; Folklore, verbal art, and culture // JAF. 1973. N
- Bayymbetova R. (2010) [Türkiler dünietanımının tildik reprezentaciyası] (ÜII-IX ғасырлардағы түркі ескерткіштерінің тили negizinde) // Fil.ğil doktori дәrejesin alw üşin dayınd. dissertaciyanın avtoreferati. – Almatı, 2010. – 40 b. (in Kazakh)
- beschrieben. B., 1889.
- Foley J. Oral- Tradition theory and research / An introduction and annotated bibliography J. M. Foley. New York; London, 198 S.
- Fry, 1967 – Fry D.K. The Heroine on the Beach in Judith. – Neuphilologische Mitteilungen. 1967, Bd.68.
- Jubatova B. (2010) [Qazaq tilindegi arab, parsılıq frazeologizmder] // Fil.ğil doktori дәrejesin alw üşin dayınd. dissertaciyanın avtoreferati. – Almatı, 2010. – 40 b. (in Kazakh)
- Kümisbaev Ö. (2015) [Şığıs şayırları]. Bes tomdıq / Ötegen Kümisbaev. – Almatı: RPBK Däwir, 2015. – 452 b. (in Kazakh)
- Lord A.B. (1994) [Skazitel’]. – M.: Izdatel’skaya firma «Vostochna literatura» RAN, 1994. – 368 c.
- Magoun, 1955 – Magoun F.P. Bede’s Story of Caedman: The Case-History of an Anglo-Saxon Oral Singer. – Speculum. 1955, vol. 30.
- Maslova V.A. (1992) [Vvedeniye v lingvokul’turalogiyu]. – M., 1992. S 201. (In Russian)
- Meyer, 1889 – Meyer R.M. Die altgermanische Poesie nach ihren formelhaften Elementen
- Niles, 1981 – Niles J.D. Formula and Formulaic System in Beowulf. – Foley JM. (ed.) Oral
- Nurdwletva B. (2021) [Jırawlar tildik tulğa]. – Nur -Sultan: Altın kitap, 2021. – 192 b. (in Kazakh)
- Ömirwliiev Q. (1976) [XV-XVIII qasırlardağı qazaq poeziyasının tili]. – Almatı: Ğılım, 1976. – 269 b. (in Kazakh)
- Radlov V.V. (1896) [Obraztsy narodnoy literatury severnykh tyurkskikh plemon]. Chast’ VII. Narechiya Krymskogo poluostrova. S.-Peterburg”: Tipografiya Imperatorskoy AN, 1896. – 408 s. (In Russian)
- Sızdıgova R. (1993) [Qazaq Ädebı Tiliñin Tarixı]. – Almatı: Ana tili, 1993 . – 320 b. (in Kazakh)
- Stebleva I.V. (1993) [Ritm i smysl v klassicheskoy tyurkoyazychnoy poezii]. – Moskva: Nauka, 1993. C 193. (In Russian)
- Traditional Literature : A Festschrift for Albert Bates Lord. Columbus, 1981.
- Wälıxanov Ş.Ş. (2010) [Köp tomdıq şıǵarmalar jınay]/awdarǵan A.Ş.Nurmanova. 3 t. Almatı q.: Tolaǵay toby, 2010. – 365 b. (in Kazakh)
- Zhanabayev K. (2018) [Tyurkskiy mif v epose, obryade i ritual]. – Almaty: Kazakhskiy universitet, 2018. S 128. (In Russian)